

# ЗАУЫТҚА - 50 ЖЫЛ

Ақсу ферроқорытпа зауытының елімізге бірінші металл құймасын алғашқы рет өндірген күні – 1968 жылғы 18 қаңтар оның құрылған күні деп саналады. Содан бері зауыт жылына 1,2 миллион тонна металл шығаратын әлемнің металлургиялық алыптарының бірі болып табылады.

2018 жылғы 17 қаңтарда өткен салтанатты құттықтау кешінде Павлодар облыстық және компания басшылығы, сондай-ақ, жан-жақтан келген ірі кәсіпорын әріптестері мерейтойлық құттықтау сөздерін айтты.

«Табысқа жету жолы» ұранымен ең үздік қызметкерлер мен еңбек ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, мерейтоймен құттықталды. Еуроазиялық топ, «Қазхром» компаниясы және кәсіпорын басшылығы атынан 30 адам марапатталды. Металлургтерге зауытқа қосқан баға жетпес еңбегі және жоғары кәсіби шеберлігі үшін Алғыс хаттар және «ERG еңбек даңқысы үшін» төс белгілері және «Еңбек даңқы» медальдері, Алғыс хаттары табыс етілді. Сегіз қызметкерлерге «Қазхром» ТҰК» АҚ еңбек сіңген және құрметті қызметкерлері» атағы берілді. Мерекенің ең салтанатты сәті Ақсу ферроқорытпа зауытының 10 қызметкеріне «Skoda Rapid» автомобильдерінің кілтін табыс ету болды.

18 қаңтар күні мерейтойлық іс-шаралар салалық және корпоративтік наградаларды кәсіпорынның 57 қызметкеріне берумен жалғасты. Оның ішінде – «Еңбек ардагері» медальдері, Ақсу қаласы әкімінің Құрмет грамотасы және «Казпроф-металл» салалық тау-кен металлургиялық кәсіби одағы Қоғамдық Бірлестігінің грамоталары бар.

Зауыттың басшылығымен бірге Ақсу қаласының әкімі Николай Дычко да ардагерлер мен қызметкерлерді наградтау рәсімін өткізді.